КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 27 наурыз дело №7119-25-00-2/2473 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.К.Жетібаев,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің «11567 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Office avenue mobile» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР:
Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің «12740 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі
Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің «29108 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІМІ:</u>

2023 жылдың 17 қаңтарда Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің «11567 әскери бөлімі» Республикалық мемлекеттік мекемесі (тапсырыс беруші) мен «Office avenue mobile» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (өнім беруші) арасында жеке құрамды тамақтандыру мен қызметтік иттерді азықтандыруды ұйымдастыру үшін № 128/2023-ПС шарт жасалған. Шарт бойынша жалпы сомасы 3 039 273 900 теңгені құрайды. Шарттың орындалу мерзімі 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

2025 жылғы 31 қаңтардағы №3 халықтың санитариалық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы тергеп-тексеру нәтижелері

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

туралы акіге сай, 2025 жылғы 19 қаңтарда жауапкер тарапынан тамақтандыру қызметін ұйымдастырғанда бірқатар бұзушылықтар анықталып, әскери бөлімінің 91 мерзімді әскери қызметшілердің тамақтан улану түріндегі денсаулықтарына зиян алды, оның ішінде 14 орта дәрежеде ішек инфекциясынан зардап шеккен.

Тараптар арасында шарт біржақты бұзылмаған.

Талап қоюшы шарт талаптары тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды талап етті.

Жауапкердің қарсы пікіріне сай, талап қою арызын мойындамайды, 91 мерзімді әскери қызметшілердің тамақтан улануы жауапкердің кінәсәнен емесе, 12740 әскери бөлімінің мекмесінде екі дүкен жұмыс істеп тұр, оның біреу Асхана ғимаратында оралысқан. Осы дүкендерде халықтың санитариялық эпидемиологиялық саламаттығы саласындағы қорытындысы жоқ. Онымен қоса дүкендерде пирожки, самса тағы басқа жейтін заттар сатылады. Ұн өнімдерінің соншалықты үлкен ассортименті мен үлкен көлемінен мерзімді әскери қызметшілер арасында тұтынушылық сыйымдылық пен үлкен сатылым екені қарапайым көзге анық.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-3-бабы алтыншы бөлігіне сай тараптармен жекелеген процестік әрекеттер жүргізілді, онда жауапкер қарсы пікірінде көрсетілген уәждерін көрсетті.

Жауапкерден жалпы тәртіпте қарау туралы арыз түсті, онда жалпы тәртіпке өтуге байланысты қандайда бір уәжді дәлелдememелерді келтірмеген, одан бөлек жекелеген процестік әрекеттерді жүргізу барысында да ескермеді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272-бабына (одан әрі-АК) сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

АК-нің 458-бабына сәйкес, тауар жеткізілімінің шарты бойынша кәсіпкер болып табылатын сатушы (тауар беруші) сатып алушыға өзі өндіретін немесе сатып алатын тауарларды кәсіпкерлік қызметке немесе жеке өзіне, отбасына, үй ішіне және сол сияқты өзге де пайдалануға байланысты емес өзге мақсаттарға пайдалану үшін келісілген мерзімде немесе мерзімдерде беруге міндеттенеді.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағының 3-тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі ол, өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Шарттың 3.2.2.-тармағына сәйкес өнім беруші осы шарт және шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелік бойынша міндеттемелердің толық және тиісті орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 27.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 05.06.2025, судья Жетибаев Ж. К., 24.06.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шарттың 5.1.-тармағына сәйкес өнім беруші жоғарыда көрсетілген шарт бойынша міндеттемелерді қабылдай отырып, үздіксіз, сапалы және уақтылы қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге кепілдік берді.

2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» нормативтік қаулысының 8-тармағына сай, Мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы). Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шарт тараптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады. Заңның 45-бабында мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа өзгерістер енгізудің негіздері белгіленген. Осыған байланысты, егер тараптар шартқа, жобалау-сметалық құжаттамаға Заңның 45-бабы 2-тармағының 7), 8), 9) тармақшаларына сәйкес өзгерістер енгізбесе, онда мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартта көзделген жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде қосымша келісімдерге сілтеме жасау негізсіз болып табылатынын соттар назарда ұстауға тиіс.

Іс материалдарына сай, 2025 жылғы 31 қаңтардағы №3 халықтың санитариалық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы тергеп-тексеру нәтижелеріне сай жауапкердің кінәлі әрекеті келесі фактілермен расталады: Онда,

2025 жылғы 18 қаңтарда кешке асханада берілген тамақтың:

16 әскери қызметші – жағымсыз иістің;

6 әскери қызметші – ерекше дәмнің;

6 әскери қызметші - жағымсыз иіс пен ерекше дәмнің

13 әскери қызметші – бұзылған еттің;

1 әскери қызметші – еттің шикі екені болғандарын өздерінің жазбаша түсініктемелерінде көрсеткен (№3 актінің 21 б.).

Оған қоса санамаланған әскери қызметшілердің төртеуі құстың еті суық болғанын айтқан. Уланған 42 әскери қызметшілер өздерінің жағдайын асханада құстың етін жеумен байланыстырған (№3 актінің 22 б.). 2025 жылғы 18 қаңтарда сағат 20.00-де бақылау тобының офицері аға лейтенант А. Айгалиевке асханада тамақтанып отырған мерзімді әскери қызметші кіші сержант С. Шакенов келіп құстың етінен ерекше иістің шығып тұрғанын айтқан (№3 актінің 8 б.).

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 27.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 05.06.2025, судья Жетибаев Ж. К., 24.06.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Осымен қатар, шайындылардың микробиологиялық зерттеулерінің нәтижелері бойынша хаттамаларына сәйкес 60 шайындыдан 4 оң нәтиже көрсеткен, яғни ішек тобының бактерия таяқшалары кәстрөлден, пластикалық кружкадан, салаттарға арналған тәрелкеден, майға арналған тақтайшадан анықталған (№3 актінің 21 б.).

Тексеру кезінде аспазшы В.А. Осиненконың қолында микротравмалар анықталған (кесулер, жаралар), жуғыш И. Оразалиевта болса қол саусақтарының тырнақ астарында аурудың белгілері табылған (№3 актінің 14 б.).

Пісіру цехында пісіру плитасында жәндіктердің (тарақандардың) болуы анықталды. Асхананын үй-жайларында жануардың (мысықтың) болуына жол берілген (№3 актінің 10 б.).

Тексеру күні ет өнімдерінің ашық қаптамалары (құс еті) ет цехының еденіне шашыраңқы түрінде жатқан, бұл бұзушылық санитарлық нормалардың өрескел түріне жатады (№3 актінің 12 б.).

Жауапкер тарапынан уланған әскери қызметшілер өзге жерден немесе әскери бөлімінің аумағында орналасқан дүкеннен сатып алынған тамақтан уланғандығы туралы дәлелдеме сотқа ұсынбады. Осыған байланысты жауапкердің қарсы пікірінде көрсетілген уәжі сотпен негізге алынбайды.

Іс материалдарымен анықталғандай, өнім берушінің кінәсіннен 91 мерзімді әскери қызметшілердің тамақтан уланғанып, оның 14 орта дәрежеде ішек инфекциясынан зардап шеккендігі анықталды және ол әскери мекеме үшін жағымсыз салдарларды туғызды.

Істің мұндай жағдайында, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арыз қанағаттандырылуға жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің 117-бабына сәйкес, мемлекеттік баж жауапкерден мемлекет пайдасына өндіріліп алынады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің «32039 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Office avenue mobile» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Office avenue mobile» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 27.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 05.06.2025, судья Жетибаев Ж. К., 24.06.2025

7119-25-3-1/2056

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер «Office avenue mobile» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья Ж.К.Жетібаев

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 27.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 05.06.2025, судья Жетибаев Ж. К., 24.06.2025

7119-25-3-1/2056